

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының PhD докторанты Бейсенбаев Олжас Түсіпбекұлы «6D020900-Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Н.Мұқаметханұлының

П І К І Р І

Қазіргі таңдағы Қытайдың сыртқы саясаты халықаралық қатынастарға тікелей әсер етеді, әсіресе көрші мемлекеттерге ықпалы тіпті зор болып отырғаны анық. Сондықтан Қытайдың сыртқы саясат стратегиясының трансформациясын және олар жаһандық масштабта қолданып отырған «Белдеу мен жол» бастамасының әлемде атқарылу үдерісі мен оның аясындағы Қазақстан мен Қытай ынтымақтастық байланыстарының даму жағдайын зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы ешкімді бейжай қалдырмайды. Аталмыш тақырыптың өзектілігі қазіргі әлемдік геосаяси жағдайда тіпті де зор маңыз алады.

Олжас Түсіпбекұлының таңдап алған тақырыбы қытайтану категориясындағы халықаралық қатынастар саласындағы маңызды тақырып болып саналады. Сондықтан диссертациялық жұмыстың құрылымы кең мазмұнды қамтыған. Жұмыстың бірінші тарауы «Қазіргі ҚХР сыртқы саяси стратегиясының теориясы мен концептуалдық негіздері» деп аталған. Онда ізденуші Қытайдың сыртқы саясатын зерттеудің теориялық ерекшеліктері мен проблемасын, жаңа әлемдік тәртіптегі ҚХР сыртқы саяси парадигмасының қалыптасуын, жаһандық басқару контекстіндегі Қытайдың жаңа сыртқы саяси бастамаларын жан-жақты зерттеулер тұрғысынан жүйелі пайымдайды.

Зерттеу жұмысының «Белдеу мен жол» инициативасы және «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» концепциясы» деп аталатын екінші тарауында, докторант «Белдеу мен жолды» «адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» тұжырымдамасымен байланыстыра талдау жасап, оның халықаралық ғалымдар еңбегіндегі түсінігі, жаһандық басқару жүйесін реформалаудағы Қытай инициативасының алатын орнын, Орталық Азия кеңістігіндегі ықпалын қарастырған.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауы «Жібек жолы экономикалық белдеуін» іске асырудағы Қазақстан мен Қытайдың ықпалдастығына арналған. Ізденуші бұл тарауда Қазақстан мен Қытайдың жан-жақты стратегиялық әріптестігі және «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» саяси-экономикалық аспектілерін, «Белдеу мен жол» контекстіндегі Қытайдың Қазақстандағы қоғамдық дипломатиясының өзгерісін, «Цифрлық Жібек жолын» дамытудағы қос мемлекеттің байланысының даму үдерісіне талдау жасайды. Демек, жұмыстың құрылымында тығыз логикалық байланыс сақталған. Ал диссертацияның

алғы сөзі тақырыптың өзектілігін ашып, зерттеудің мақсат міндеттерін көрсетіп, зерттеуден алынған жаңалықтар мен тұжырымдар ойдағыдай түйінделген. Жұмыстың қорытынды бөлімі жалпы зерттеуді жоғары деңгейде тұжырымдап пайымдаған. Автордың қосымшаларда берген деректерінің пайдалану құндылығы да жоғары деп есептейміз.

Қорытып айтқанда, ізденушінің таңдап алған тақырыбы өте өзекті, зерттеуге пайдаланған деректері мол, тақырыптың зерттелу жағдайына кең көлемде шолу жасай отырып, мәселеге терең талдау жасап, тың ғылыми қорытындылар мен тұжырымдарды алға қойған. Яғни ізденуші өзінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындаған деп санаймыз.

О.Т. Бейсенбаевтың диссертациялық жұмысы халықаралық қатынастардың теориялар мен қытайлық теорияларды салыстырып зерттеумен ерекшеленеді. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және практикалық қолданыс құндылығының жоғары болумен де сипатталады. Диссертациялық жұмыс талапқа сай жазылған, толық орындалған жұмыс деп санаймыз.

Докторант О.Бейсенбаев ұсынылған ғылыми жұмысынан бөлек, Қытайды зерттеуге шынайы қызығушылық танытып, көптеген халықаралық, республикалық шараларға қатысып келеді. Атап айтқанда, ҚХР Алматы қаласындағы Бас консулдығы ұйымдастырған «Белдеу мен жол» туралы эссе сайысында, ҚХР Елшілігінің зерттеу мақалалары байқауында жүлделі орындарды иеленді. 2018 жылы ҚХР Үкіметі ұйымдастырған Шанхай қаласындағы «Жас синологтар бағдарламасына» Жапония, Индия, Еуропа, Ресей, Африка және Латын Америкасы елдерінің зерттеушілерімен бірге үлес қосып, айтылған саладағы білімін ұштап келді. ҚР Президентінің бастамасымен жариялаған «500 ғалым» категориясындағы шет елге ғылыми тағылымдама грантын алғашқылардың бірі болып ұтып алды. Оның аясында диссертация тақырыбы бойынша АҚШ астанасы Вашингтон қаласындағы Джорджтаун университетінің Азияны зерттеу бағдарламасынан бір жылдық «шақырылған зерттеуші» ретінде ұсыныс алды. Сондықтан шет елдегі синолог-ғалымдармен байланысты үзбей жалғастыру арқылы, диссертация тақырыбын әлі де ауқымды, терең зерттеуге мүмкіндік бар деп есептеймін.

Осы айтылғанды ескере отырып, Бейсенбаев Олжас Түсіпбекұлының «6D020900-Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» атты диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми жетекшісі:

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
тарих ғылымдарының докторы**

Н.Мұқаметханұлы

25.09.2023

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылым кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

